Әрбір көршілес екі ағаштың арасы бір-бірінен 5 м қашықтықта болатындай 6 ағаш қатар орналасқан. Ең шеткі ағаштан 3 м қашықтықта және екінші ағаштың аралығында құдық бар. Құдықтан алынған 1 шелек сумен қатар екі ағаш суарылды. Барлық ағашты суарып, құдыққа қайта келгенде неше метр жол жүрілді?

A) 60 м
B) 76 м
C) 78 м
D) 80 м
E) Другой ответ|Басқа жауап

ВАРИАНТ 7

1. 0,6 от 40% числа d равны 3,36. Найдите число d.
d санының 40%−ының 0,6 бөлігі 3,36−ға тең. d санын табыңыз.

A) 16
B) 18
C) 14
D) 12
E) Другой ответ|Басқа жауап

2. Вычислите:
Есептеңіз:

$$\frac{1}{\frac{1}{\frac{1}{1-\frac{1}{3}}+1}-1}+1$$

A) $\frac{1}{3}$
B) $-\frac{2}{3}$
C) $-\frac{3}{4}$
D) -1
E) Другой ответ|Басқа жауап

3. Решите уравнение:
Теңдеуді шешіңіз:


$$5x|x|+3x|x|=12|x|$$

A) 1,5
B) 0; 1,5
C) 0
D) $-1; 0; 1$
E) Другой ответ|Басқа жауап

4. Кабанбай и Богенбай в первый день своего путешествия прошли 36,4 км, во второй день - 32,8 км, в третий день - 42,6 км, а в четвертый - 35,7 км. Сколько километров прошли они в последний пятый день, если в среднем они проходили в день 36,1 км?
Саяхаттың бірінші күні Қабанбай мен Бөгенбай 36,4 км, ал екінші күні 32,8 км, үшінші күні 42,6 км, ал төртінші күні 35,7 км жүрді. Егер олар күніне орташа есеппен 36,1 км жүрсе, соңғы бесінші күні неше километр жүрді?

A) 33,8 км
B) 34,2 км
C) 31,9 км
D) 32,6 км
E) Другой ответ|Басқа жауап

5. Сколько метров металлической проволоки потребуется для изготовления декоративной изгороди из полукругов вокруг клумбы квадратной формы, если длина стороны этого квадрата равна 9 м?($\pi = 3{,}14$)



Қабырғасы 9 м болатын шаршы пішінді гүлзарды суреттегідей жарты дөңгелек болатын сәндік шарбағымен қоршады. Сәндік шарбағын жасауға неше метр металл сымы керек? ($\pi = 3{,}14$)

A) 70,65 м
B) 113,04 м
C) 56,52 м
D) 84,78 м
E) Другой ответ|Басқа жауап

6. При каких значениях x верно равенство?
x −тің қандай мәнінде теңдік орындалады?

$$\frac{3 \cdot \left(\frac{x}{3} - 1\right) + 5x}{3} = 0$$

A) $-0{,}5$
B) 0,5
C) 1,5
D) 0
E) Другой ответ|Басқа жауап

7. Какую часть половины развёрнутого угла составляет угол, градусная мера которого равна 1,8°.
Өлшемі 1,8° болатын бұрыш, жазыңқы бұрыштың жартысының қай бөлігін құрайды?

A) 1/200
B) 1/100
C) 1/50
D) 1/10
E) Другой ответ|Басқа жауап

8. За контрольную работу оценки «5», «4», «3», «2» получили соответственно 28%, 35%, 25%, 12% учащихся из трех классов. Наименьшее количество возможных учеников?
Үш сынып бақылау жұмысын жазды. «5», «4», «3», «2» деген бағаларды сәйкесінше оқушылардың 28%, 35%, 25%, 12% −ы алды. Ең аз болған оқушы саны?

A) 25
B) 50
C) 100
D) 49
E) Другой ответ|Басқа жауап

9. В поход ходили 70% учеников класса, а на экскурсии было 65%, причем каждый был в походе или на экскурсии. Сколько процентов класса были и там, и там?
Сыныптағы оқушылардың 70% −ы саяхатқа, ал 65% −ы экскурсияға шықты, оқушылардың барлығы не саяхатқа, не экскурсияға барды. Сыныптағы оқушылардың қанша пайызы екі жаққа да барды?

A) 35%
B) 45%
C) 30%
D) 40%
E) Другой ответ|Басқа жауап

10. После того, как смешали 55% −ный и 35% −ный растворы кислоты, получили 1000 грамм 43% −ного раствора. Сколько грамм каждого раствора смешали?
55% −дық және 35% −дық қышқыл ерітінділерін араластырып, 43% −дық 1000 грамм ерітінді алды. Әр ерітіндіден неше граммнан алынды?

A) 360 г; 640 г
B) 440 г; 560 г
C) 400 г; 600 г
D) 450 г; 550 г
E) Другой ответ|Басқа жауап


11. Автомобиль за 3,5 часа проехал на 10 км больше, чем мотоциклист за 2,5 часа. Скорость мотоциклиста на 20 км/ч больше скорости автомобиля. Найдите скорость мотоциклиста.
Автокөлік 3,5 сағатта жүрген жол мотоцикл 2,5 сағатта жүрген жолдан, 10 км −ге артық. Мотоцикл жылдамдығы автокөлік жылдамдығынан 20 км/сағ −қа артық. Мотоциклдің жылдамдығын табыңыз.

A) 60 км/ч|сағ
B) 40 км/ч|сағ
C) 80 км/ч|сағ
D) 90 км/ч|сағ
E) Другой ответ|Басқа жауап

12. Байтерек выполняет работу за два дня, Батыр выполняет эту работу за 3 дня, а Бек за 6 дней. Первый день работал один Байтерек, а сначала второго дня к нему присоединились Батыр и Бек. Когда работа была закончена, им заплатили 45000 тенге. Сколько денег получит Байтерек?
Бәйтерек белгілі бір жұмыс мөлшерін екі күнде аяқтайды. Батыр тура сол жұмысты үш күнде аяқтайды, ал Бек 6 күнде. Бірінші күні Бәйтерек жалғыз жұмыс істеді, екінші күннен бастап оған Батыр мен Бек қосылды. Жұмыс аяқталған кезде, оларға 45000 тг төленді. Бәйтерек қанша ақша алады?

A) 15000 тг
B) 25000 тг
C) 33750 тг
D) 13750 тг
E) Другой ответ|Басқа жауап

13. Найдите площадь закрашенной фигуры, изображенного на клетчатой бумаге с размером клетки 1см x 1см. ($\pi = 3$).
Егер торкөздің өлшемі: 1см x 1см болса, суреттегі боялған фигураның ауданын табыңыз. ($\pi = 3$).



A) 36 см^2
B) 24 см^2
C) 32 см^2
D) 30 см^2
E) Другой ответ|Басқа жауап

14. Вычислите значение выражения:
Өрнектің мәнін есептеңіз:

$$11 : 5\frac{1}{2} : 4{,}8 \cdot 16 - \frac{2}{\frac{3}{3{,}4-2{,}7:4{,}1:9\cdot 4{,}1+0{,}9}} =$$

A) $2\frac{2}{3}$
B) $\frac{11}{3}$
C) $5\frac{2}{3}$
D) 5,3
E) Другой ответ|Басқа жауап

15. Среднее арифметическое шести чисел равно 65, а среднее арифметическое четырёх других чисел - 45. Найдите среднее арифметическое этих десяти чисел.
Алты санның арифметикалық ортасы 65 −ке, ал басқа төрт санның арифметикалық ортасы 45 −ке тең. Осы он санның арифметикалық ортасын табыңыз.
A) 59
B) 61
C) 57
D) 55
E) Другой ответ|Басқа жауап

16. Выполните действия:
Амалдарды орындаңыз:

$$\left(1-\frac{5}{1}\right)\cdot\left(2-\frac{10}{2}\right)\cdot\left(3-\frac{15}{3}\right)\cdot\ldots\left(8-\frac{40}{8}\right)\cdot\left(9-\frac{45}{9}\right)\cdot\left(10-\frac{50}{10}\right) =$$

A) 0
B) 1
C) 2880
D) -2880
E) Другой ответ|Басқа жауап

17. Какое из неравенств является неверным при $0 < x < y$?
Егер $0 < x < y$ болса, онда мына теңсіздіктердің қайсысы дұрыс емес?
A) $\frac{x-y}{y} < 0$
B) $\frac{y-x}{y} > 0$
C) $\frac{x-y}{x} < 1$
D) $\frac{x+y}{x} < 1$
E) Другой ответ|Басқа жауап

18. Длина прямоугольника в 1,3 раза больше ширины. Когда его длину уменьшили на 25%, а ширину увеличили на 20%, то периметр уменьшился на 2,5 см. Найдите первоначальную ширину прямоугольника.
Тік төртбұрыштың ұзындығы енінен 1,3 есе ұзын. Оның ұзындығын 25% −ға кемітіп, енін 20% −ға арттырғанда периметрі 2,5 см −ге кеміді. Тік төртбұрыштың алғашқы енін табыңыз.

A) 10 см
B) 20 см
C) 16 см
D) 12 см
E) Другой ответ|Басқа жауап

19. Какому из указанных промежутков принадлежит значение выражения:
Өрнектің мәні қай аралыққа тиісті:

$$2\frac{1}{4}\cdot 2\frac{2}{27}+\left(4\frac{5}{6}\cdot\frac{11}{29}+3\frac{1}{6}\right)\cdot 1\frac{1}{15}$$

A) $[0;9]$
B) $[8;14]$
C) $[11;14]$
D) $(10;12)$
E) Другой ответ|Басқа жауап

20. Найдите все натуральные значения a, при которых корень уравнения $a\cdot x=12$ является натуральным?
$a\cdot x=12$ теңдеуінің түбірі натурал сан болатындай a −ның барлық натурал мәндерін табыңыз.

A) $2;3;4;6$
B) $0;1;2;3;4;6;12$
C) $\frac{1}{2};\frac{1}{3};\frac{1}{4};\frac{1}{6};1;2;3;4;6;12$
D) $1;2;3;4;6;12$
E) Другой ответ|Басқа жауап

21. Найдите количество всех значений x, которые: кратны 14 и удовлетворяют неравенству $15<x\leq 84$.
14 −тің еселігі болатын және $15<x\leq 84$ теңсіздігін қанағаттандыратын x −тің барлық мәндерінің санын табыңыз.

A) 3
B) 4
C) 5
D) 6
E) Другой ответ|Басқа жауап

22. Если известно, что $c = -4$; $\frac{a}{5} + \frac{b}{4} = 0{,}5$ чему равно значение следущего выражания:

$c = -4$; $\frac{a}{5} + \frac{b}{4} = 0{,}5$ екені белгілі болса, келесі өрнектің мәні неге тең:

$$\frac{9a + 3c - (-10b) - a}{5b + 2c + 4a}$$

A) 3
B) 4
C) 5
D) 4/3
E) Другой ответ|Басқа жауап

23. 16% от 160 равно x, 8% от 230 равно y. Чему равно 30% от $(x - y)$?
160 −тың 16% −ы x −ке және 230 −дың 8% −ы y −ке тең. $(x - y)$ −тің 30% −ы нешеге тең?

A) 2,12
B) 2,13
C) 2,14
D) 2,15
E) Другой ответ|Басқа жауап

24. Чему равен удвоенный корень уравнения:
Теңдеудің түбірінің екі еселенгені неге тең:

$$\frac{\frac{11}{1+\frac{5}{6}} - x}{3x - \frac{1}{2}} = 2$$

A) 0
B) -4
C) 2
D) -6
E) Другой ответ|Басқа жауап

25. Найдите наибольшее целое решение неравенства.
Теңсіздікті шешіп, шешімі болатын ең үлкен бүтін санды табыңыз.

$$\frac{7x - 3}{2} - \frac{9 - 4x}{\frac{1}{0{,}(3)}} < \frac{7 - x}{2}$$


A) -1
B) 1
C) 0
D) -2
E) Другой ответ|Басқа жауап

26. Найдите сумму целых решений неравенства больше -5.
Теңсіздікті шешіп, -5 –тен үлкен болатын бүтін шешімдерінің қосындысын табыңыз.

$$3{,}5 - x \geq 4(x + 2{,}8)$$

A) -9
B) -12
C) -7
D) -14
E) Другой ответ|Басқа жауап

27. Какие из фигур, изображённых на рисунке, имеют центр симметрии?
Суретте берілген фигуралардың қайсысында симметрия центрі бар?



A) $a; c; d; g; h$
B) $a;\ d; g$
C) $a; b; c; d; e; f; g; h$
D) $b; e; f; h$
E) Другой ответ|Басқа жауап

28. В Алматы проводится полумарафон "Алматинский полумарафон". Марафон - это дистанция 42 км 195 м, а для полумарафона принята дистанция 21 км. Если чемпион преодолел дистанцию полумарафона за 1 ч 24 мин, то какова его средняя скорость (в метрах в минуту)?
Алматы қаласында жылда "Алматылық жартылай марафоны" өтеді. Марафон - ашық кеңістікте 42 км 195 м арақашықтыққа жүгіру, ал жартылай марафон 21 км арақашықтыққа жүгіру. Егер жеңімпаз жартылай марафонды 1 сағ 24 минутта жүгіріп өтсе, оның орташа жылдамдығы қандай(метр минутына)?

A) 320 м/мин
B) 250 м/мин
C) 360 м/мин
D) 400 м/мин
E) Другой ответ|Басқа жауап

29. Решите неравенства:
Теңсіздікті шешіңіз:

$$5(|x| - 12) > 6(|x| - 10) - |x|$$

A) $x \in R$
B) $x \in (-5; 5)$
C) $x \in (-\infty; -5] \cup [5; +\infty)$
D) $x \in [-5; 5]$
E) Другой ответ|Басқа жауап

30. Из двух пунктов A и B, расстояние между которыми 2720 км, вышли одновременно на встречу друг другу два поезда и встретились через 20 ч. Найти скорость второго, если первый поезд за каждые 4 ч проходил 304 км.
Арақашықтығы 2720 км болатын A және B пункттерінен бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі пойыз шығып, 20 сағаттан соң кездесті. Бірінші пойыз әр 4 сағатта 304 км жол жүретін болса, екінші пойыздың жылдамдығын табыңыз.


A) 60 км/ч|сағ
B) 76 км/ч|сағ
C) 212 км/ч|сағ
D) 65 км/ч|сағ
E) Другой ответ|Басқа жауап

31. Алюминиевую трубу необходимо без отходов разрезать на равные части. Какую наименьшую длину должна иметь труба, чтобы ее можно было разрезать как на части длиной 12 м, так и на части длиной 15 м?
Алюминий құбырын қалдықсыз бірдей бөліктерге бөлу керек. Құбыр 12 метрлік немесе 15 метрлік бөліктерге қалдықсыз бөліну үшін ең кем дегенде ұзындығы неше метр болу тиіс?


A) 60 м
B) 48 м
C) 90 м
D) 56 м
E) Другой ответ|Басқа жауап


32. На каком рисунке изображен график функции $y = 2x - 4$?
$y = 2x - 4$ функциясының графигі қай сызбада көрсетілген?


A)



B)



C)


D)


E) Другой ответ|Басқа жауап

33. Найдите 30% от значения выражения:
Өрнектің мәнінің 30% −ын тап:

$$\left(6\frac{4}{5}-2{,}75\right):\left(2\frac{16}{21}+3\frac{2}{3}\right)$$

A) $1\frac{26}{160}$
B) $\frac{567}{1600}$
C) 1
D) $\frac{189}{160}$
E) Другой ответ|Басқа жауап

34. При каком значении c график уравнения проходит через начало координат:
c −нің қандай мәнінде, теңдеудің графигі координаталар басынан өтеді:

$$3y+4x=2c-5$$

A) 7,5
B) 2,5
C) 1,5
D) 0,5
E) Другой ответ|Басқа жауап

35. При каких значениях a, $\begin{cases}-ax-3y=-9\\5ax-7y=1\end{cases}$ имеет корень $(-3;\ 2)$?
a −ның қандай мәнінде, $\begin{cases}-ax-3y=-9\\5ax-7y=1\end{cases}$ $(-3;\ 2)$ түбірі болады?

A) -1
B) $a\geq -1$
C) $a<1$
D) 1
E) Другой ответ|Басқа жауап

36. Байтерек на вопрос, каков его возраст, ответил, что через 13 лет ему будет в 4 раза больше лет, чем 2 года назад. Сколько лет Байтереку?
Жасың қаншада деген сұраққа Бәйтерек: "13 жылдан соң, жасым екі жыл алдыңғы жасымнан 4 есе үлкен болады" - деп жауап берді. Бәйтерек қазір қанша жаста?

A) 5
B) 8
C) 7
D) 6
E) Другой ответ|Басқа жауап

37. Сколько целых положительных чисел ближе к 4, чем к 7?
7 −ге қарағанда 4 −ке жақынырақ неше бүтін оң сан бар?

A) 3
B) 2
C) 4
D) 5
E) Другой ответ|Басқа жауап

38. В 12-этажном доме есть лифт. На первом этаже живет всего 2 человека, от этажа к этажу количество жильцов увеличивается вдвое. Какая кнопка в лифте этого дома нажимается чаще других?
12 қабатты үйде бірінші қабатта 2 адам, екінші қабатта – 4, үшінші - 8, төртінші қабатта – 16,… әр қабат сайын адам саны екі есе көбейеді. Лифт қай қабатта ең жиі тоқтайды?

A) 12
B) 11
C) 2
D) 1
E) Другой ответ|Басқа жауап

39. На столе лежат в ряд пять монет: средняя — вверх орлом, а остальные — вверх решкой. Разрешается одновременно перевернуть три рядом лежащие монеты. Минимально сколько таких переворачиваний надо сделать, чтоб все пять монет положить вверх орлом?
Үстелде бес тиын бір қатарда тізіліп жатыр. Тура ортасындағы тиынның елтаңба беті жоғары қарап, қалған тиындардың сандық беті жоғары қарап жатыр. Бір жүрісте қатар жатқан үш тиынды төңкеруге рұқсат етіледі. Ең аз неше жүрісте барлық тиындардың елтаңба бетін жоғары қаратып қоюға болады?

A) 2
B) 1
C) 3
D) 4
E) Другой ответ|Басқа жауап

40. Три рыбака поймали какое-то количество рыб. Первый рыбак выбросил 1 рыбу, взял себе третью часть улова и ушел. Второй рыбак так же выбросил из остатка 1 рыбу, взял себе третью часть улова и ушел. После того как, это же сделал третий рыбак, в ведре осталось 6 рыб. А сколько рыб было первоначально?
Үш балықшы бірнеше балық аулады. Бірінші балықшы барлық ауланған балықтардың біреуін лақтырып, қалған балықтың үштен бірін өзіне алып, қайтып кетті. Екінші балықшыда қалған балықтың біреуін лақтырып, оның үштен бірін өзіне алып, қайтып кетті. Дәл осылай үшінші балықшы жасағанда, шелекте 6 балық қалды. Балықшылар барлығы неше балық аулады?

A) 31
B) 25
C) 37
D) 43
E) Другой ответ|Басқа жауап

41. В комнате находятся 57 шаров - красных и синих. Известно, что:
1) по крайней мере один из шаров красный;
2) из каждой произвольно выбранной пары шаров по крайней мере один синий.
Сколько в комнате синих шаров?
Бөлмеде барлығы 57 қызыл және көк шарлар бар.
1) кем дегенде шарлардың біреуі қызыл;
2) Кездейсоқ алынған әрбір екі шардың кем дегенде біреуі әрдайым көк екені белгілі.
Бөлмеде неше көк шар бар?

A) 2
B) 1
C) 56
D) 55
E) Другой ответ|Басқа жауап

42. В саду у Байтерека и Аружан есть 2018 цветков. Утром Байтерек полил половину всех цветков, а потом Аружан проснулась и тоже полила половину цветков. Если 6 цветков полили два раза, сколько цветков остались без воды?
Бәйтерек пен Аружанның бағында 2018 гүл бар. Таңертең Бәйтерек гүлдердің жартысын суғарды, содан соң Аружан ұйқыдан ояна сала гүлдердің жартысын суғарды. Егер 6 гүл екі рет суғарылған болса, неше гүл суғарылмай қалды?

A) 3
B) 6
C) 12
D) 1009
E) Другой ответ|Басқа жауап

43. Байтерек при вычислении длины окружности перепутал диаметр с радиусом, и в формулу вместо радиуса подставил значение диаметра. Чтобы получить верный результат, Байтереку надо полученное число ... .
Бәйтерек шеңбердің ұзындығын есептеу кезінде диаметрді радиуспен шатастырып алып, формулада радиус орнына диаметр мәнін алып есептеді. Бәйтерек дұрыс шешім алуы үшін шыққан санды .... керек.

A) умножить на 4 | 4 – ке көбейту
B) умножить на 2 | 2 – ге көбейту
C) разделить на 4 | 4 – ке бөлу
D) разделить на 2 | 2 – ге бөлу
E) Другой ответ|Басқа жауап

44. На сковороде могут одновременно жариться две котлеты. Каждую котлету нужно обжаривать с двух сторон, при этом на обжаривание ее с одной стороны требуется 6 мин. Голодный студент мечтает побыстрее поджарить три котлеты. Какое наименьшее время ему потребуется?
Үш котлеттің әрқайсысының екі бетін де қуыру қажет. Котлеттің бір бетін қуыруға алты минут уақыт кетсе, ал табаға екі котлет сыятын болса, үш котлетті қуыруға ең аз дегенде неше минут керек? (котлетті аударуға және ауыстыруға кеткен уақытты есепке алмаңыз)
A) 12 мин
B) 18 мин
C) 24 мин
D) 30 мин
E) Другой ответ|Басқа жауап

45. Найдите ряд чисел которое должно быть на месте вопросительного знака.
Сұрақ белгісінің орнына жазылатын сандар қатарын табыңыз.

$$\left.\begin{array}{l} 7\square 8 \rightarrow 8,9,15 \\ 5\square 1 \rightarrow 6,2,6 \end{array}\right\} 2\square 9 \rightarrow ?$$

A) 4, 10, 12
B) 3, 11, 18
C) 3, 10, 11
D) 3, 10, 13
E) Другой ответ|Басқа жауап

46. В тетради были следующие 2019 высказываний:
1) В этой тетради ровно 1 ложное высказывание;
2) В этой тетради ровно 2 ложных высказывании;
…
2018) В этой тетради ровно 2018 ложных высказывании;
2019) В этой тетради ровно 2019 ложных высказывании.
Если известно, что правдой является только одно высказывание, то который из них?

Келесі 2019 тұжырым дәптерде жазылған:
1) Бұл дәптерде тура 1 жалған тұжырым бар;
2) Бұл дәптерде тура 2 жалған тұжырым бар;
....
2018) Бұл дәптерде тура 2018 жалған тұжырым бар;
2019) Бұл дәптерде тура 2019 жалған тұжырым бар.
Егер бір ғана тұжырым ақиқат екені белгілі болса, ол нешінші тұжырым?
A) 1
B) 2
C) 2018
D) 2019
E) Другой ответ|Басқа жауап

47. В соревновании участвовали 50 стрелков. Первый выбил 70 очков, второй – 80, третий – среднее арифметическое очков первых двух, четвёртый – среднее арифметическое первых трёх и т.д.: каждый следующий выбил среднее арифметическое очков всех предыдущих. Сколько очков выбил 33 –й стрелок?
Мергендік жарысқа 50 мерген қатысты. Бірінші мерген 70 ұпай алды, ал екінші мерген 80 ұпай алды. Үшінші мергеннің ұпайы алғашқы екі мергеннің ұпайларының арифметикалық ортасы, төртіншінікі – алғашқы үш мергеннің ұпайларының арифметикалық ортасы және т.б. әр келесі мергеннің ұпай саны одан алдыңғы мергеннің ұпайларының арифметикалық ортасына тең. Отыз үшінші мергеннің ұпай саны қанша?

A) 150
B) 65
C) 75
D) 60
E) Другой ответ|Басқа жауап

48. Обозначим каждое число дня 8 цифрами, например, 01.01.2019, то есть 1 января. Группа друзей собрались 1 января и назначили для встречи день, который требует максимум 3 цифры. В каком месяце следующий раз соберется эта группа друзей?
Әр күнді сегіз цифрмен жазайық, мысалы 01.01.2019, яғни қаңтардың бірі. Қаңтардың бірінде достар жиналып, ең көп дегенде үш цифрден тұратын күнді келесі кездесу күні деп белгіледі. Достар енді қай айда кездеседі?

A) Январь|Қаңтар
B) Май|Мамыр
C) Март|Наурыз
D) Август|Тамыз
E) Другой ответ|Басқа жауап

49. Байтерек сказал, что с начала суток прошло времени в два раза больше, чем его осталось до конца суток. В какое время Байтерек сделал это утверждение?
Бәйтерек осы күннің басынан бері өткен уақыт, күннің соңына дейін қалған уақыттан екі есе көп екенін айтты. Бәйтерек бұл мәлімдемені қай уақытта айтты?

A) 18: 00
B) 16: 00
C) 4: 00
D) 8: 00
E) Другой ответ|Басқа жауап

50. В Казахстане каждые два города соединяет только одна дорога. Сколько всего дорог в стране, если городов четырнадцать?
Қазақстанда әр екі қаланың арасы тек бір жолмен жалғанады. Егер қалалар саны он төрт болса, елде неше жол бар?

A) 105
B) 91
C) 98
D) 182
E) Другой ответ|Басқа жауап

ВАРИАНТ 8

1. Чему равно 141 процентов от 59 процентов числа 2020?
2020 санының 59 пайызының 141 пайызы нешеге тең?

A) 1680,44
B) 1680,43
C) 1680,4
D) 1680,434
E) Другой ответ|Басқа жауап

2. Часы показывают 1 час 54 минут. Какой угол между часовой и минутной стрелкой?
Сағаттағы уақыт 1 −ден 54 минут өтті. Тілшелі сағаттың сағаттық және минуттық тілшелерінің арасындағы бұрышты табыңыз.

A) 90°
B) 66°
C) 96°
D) 93°
E) Другой ответ|Басқа жауап

3. Решите уравнение:
Теңдеуді шешіңіз:

$$-3|x+5|+19=-9+4|x+5|$$

A) $-9;1$
B) $-9;0$
C) $-9;-1$
D) $1;9$
E) Другой ответ|Басқа жауап

4. Точки A, B и C расположены на координатной прямой. Координата точки A равна 4, точка B имеет координату -3. Точка C такова, что её координата положительна, а длина отрезка AB составляет треть от длины отрезка BC. Какова координата точки C?
Координаталық түзуде A, B және C нүктелері орналасқан. A нүктесінің координатасы 4, B нүктесінің координатасы -3 − ке тең. C нүктесінің координатасы оң, ал AB кесіндісінің ұзындығы BC кесіндісінің ұзындығының үштен бірін құрайды. C нүктесінің координатасын табыңыз.

A) 25
B) 28
C) 18
D) -10
E) Другой ответ|Басқа жауап

5. При подготовке к экзамену по математике Байтерек за пять дней прорешал 200 задач. За первый день он решил 14% всех задач, во второй день – в полтора раза меньше, чем в третий. Количество задач, решённых в третий день, относится к количеству задач, решённых в пятый день, как 2 : 3. Наконец, число задач, решённых за четвёртый день, составляет 5/8 от числа задач, решённых за второй день. Сколько задач Байтерек решил в четвертый день?

Бәйтерек бес күн емтиханға дайындалғанда 200 есеп шығарды. Бірінші күні барлық есептің 14% −ын шығарды. Ал екінші күні үшінші күнге қарағанда бір жарым есе аз шығарды. Үшінші күні шығарған есептердің саны бесінші күні шығарған есептердің санына қатынасы 2 : 3 қатынасындай. Төртінші күні шығарған есептер саны екінші күні шығарған есептер санының 5/8 бөлігіне тең. Бәйтерек төртінші күні неше есеп шығарды?

A) 28
B) 32
C) 48
D) 20
E) Другой ответ|Басқа жауап

6. Сейчас Байтереку 11 лет. Пять лет назад он был в 4 раза моложе своего учителя математики. Через сколько лет Байтерек будет в 2 раза младше своего учителя математики?
Қазір Бәйтерек 11 жаста. Бес жыл бұрын ол өзінің математика мұғалімінен 4 есе жас болды. Неше жылдан соң Бәйтерек мұғалімінен 2 есе жас болады?

A) 2
B) 4
C) 7
D) 5
E) Другой ответ|Басқа жауап

7. Территория лицея имеет форму прямоугольника, причём стороны прямоугольника относятся как 11 : 7 и ширина меньше длины на 720 м. За сколько минут охранник сможет обойти территорию лицея, если его скорость 4,32 км/ч?
Лицейдің аумағы тік төртбұрыш пішіндес және қабырғаларының қатынасы 11 : 7 қатынасындай, ал ені ұзындығынан 720 м қысқа. Егер күзетшінің жылдамдығы 4,32 км/сағ болса, ол лицейдің аумағын неше минутта толықтай айналады?

A) 120 мин
B) 84 мин
C) 90 мин
D) 72 мин
E) Другой ответ|Басқа жауап

8. Если значение выражения равно $-x$, чему равняется a?
Өрнектің жауабы $-x$ болу үшін a −ның мәні нешеге тең болу керек?

$$\frac{x}{\frac{2}{2a+8}} - \frac{2x}{\frac{3}{3a+12}} =$$

A) -4
B) -3
C) -5
D) -6
E) Другой ответ|Басқа жауап

9. Решите уравнение:
Теңдеуді шешіңіз:

$$\frac{\frac{x-5}{3}-\frac{x-5}{4}}{\frac{x+5}{6}-\frac{x+1}{3}}+\frac{1}{2}=-\frac{1}{4}$$

A) 0
B) -1
C) 5
D) 2
E) Другой ответ|Басқа жауап

10. В ближайшем магазине 1 кг гречки стоит 128 тг. В более далёком магазине 1 кг гречки стоит 115 тг, но проезд туда и обратно стоит 160 тг. За каким наименьшим целым количеством килограммов гречки имеет смысл съездить в тот более далёкий магазин?
Жақын дүкенде 1 кг қарақұмық 128 тг тұрады. Ал алыстау дүкенде 1 кг қарақұмық 115 тг тұрады, бірақ ол дүкенге барып қайтатын жол ақысы 160 тг тұрады. Ең аз неше килограмм қарақұмық алу үшін ұзақтау орналасқан дүкенге барған тиімді?
A) 11
B) 12
C) 13
D) 14
E) Другой ответ|Басқа жауап

11. Велосипедист проезжает 80 км со скоростью 16 км/ч. Если он увеличит скорость на 25%, то время на этот путь сократится на ...?
Велошабандоз 80 км арақашықтықты 16 км/сағ жылдамдықпен өтті. Егер сол арақашықтықты жылдамдығын 25% –ға арттырып өтетін болса, уақыт қанша пайызға қысқарады?
A) 20%
B) 40%
C) 25%
D) 30%
E) Другой ответ|Басқа жауап

12. Внутри угла AOB, равного 150°, проведён луч OC. Градусные меры углов AOC и BOC относятся как 7 : 3. OM – биссектриса угла AOB. OK – биссектриса угла AOC. Найти градусную меру угла MOK.
Өлшемі 150° болатын AOB бұрышынан OC сәулесі жүргізілген. AOC және BOC бұрыштарының градустық өлшемдерінің қатынасы 7 : 3 қатынасына тең. OM – AOB бұрышының биссектрисасы, ал OK – AOC бұрышының биссектрисасы болса, MOK бұрышының градустық өлшемін табыңыз.
A) 23,5°
B) 21,5°
C) 22,5°
D) 20,5°
E) Другой ответ|Басқа жауап

13. Мотоцикл проехал за 6 мин 9 км, а грузовик за 5 мин – 6 км. Сколько процентов составляет скорость грузовика от скорости мотоцикла?
Мотоцикл 6 минутта 9 км, ал жүк көлігі 5 минунтта 6 км жүрді. Жүк көлігінің жылдамдығы мотоцикл жылдамдығының неше пайызын құрайды?

A) 80%
B) 90%
C) 75%
D) 85%
E) Другой ответ|Басқа жауап

14. На координатной плоскости точка $A(x;-4)$ симметрична точке $B(3;y)$ относительно точки O – начала координат. Найдите значения $x+y$.
Тік бұрышты координаталар жүйесінің координаталар басы O нүктесіне қатысты $A(x;-4)$ нүктесі $B(3;y)$ нүктесімен симметриялы. $x+y$ өрнегінің мәнін табыңыз.

A) -7
B) 7
C) -1
D) 1
E) Другой ответ|Басқа жауап

15. В математической олимпиаде для 6 –х классов 36 участников решили хотя бы по одной задаче. Арифметическую задачу решили 20 человек, геометрическую - 16, а логическую - 13. При этом все 3 задачи решили трое, только геометрическую и логическую - трое, а только арифметическую и логическую - двое. Сколько справились с двумя задачами - арифметической и геометрической?
Алтыншы сыныптарға арналған математикалық олимпиадада 36 оқушы тым болмаса бір есептен шығарды. Арифметикалық есепті 20 оқушы, геометриялық есепті 16 оқушы, логикалық есепті 13 оқушы шығарды. Барлық үш есепті үш, тек геометриялық және логикалық есепті үш, ал тек арифметикалық және логикалық есепті екі оқушы шығарды. Арифметикалық және геометриялық екі есепті неше оқушы шығарды?

A) 2
B) 1
C) 3
D) 4
E) Другой ответ|Басқа жауап

16. Если $2a+5b=0$, то найдите значение выражения:
Егер $2a+5b=0$ болса, онда өрнектің мәнін табыңыз:

$$\frac{6a+7b}{5b+4a}$$

A) 4,4
B) 2,2
C) 1,8
D) 1,6
E) Другой ответ|Басқа жауап

17. Найдите график функции $y = kx + b$, если он перпендикулярен прямой $y = -0{,}25x$ и проходит через точку $M(-1; 3)$.
$y = -0{,}25x$ түзуіне перпендикуляр болатын және $M(-1; 3)$ нүктесі арқылы өтетін, $y = kx + b$ функциясының графигін табыңыз.

A) $y = 4x + 7$
B) $y = -4x - 1$
C) $y = -2x + 1$
D) $y = x + 4$
E) Другой ответ|Басқа жауап

18. В трех сосудах 48 л машинного масла. Масса масла второго сосуда составляет 42% масса масла первого сосуда, а масса масла третьего сосуда составляет 3/7 массы масла второго сосуда. Сколько литров масла во втором сосуде?
Үш ыдыста 48 л көлік майы бар. Екінші ыдыстың салмағы бірінші ыдыстың салмағының 42% −ын құрайды, ал үшінші ыдыстың салмағы екінші ыдыстың салмағының $3/7$ −ін құрайды. Екінші ыдыста неше литр май бар?



A) 12 л
B) 12,2 л
C) 12,8 л
D) 12,6 л
E) Другой ответ|Басқа жауап

19. Какому из указанных промежутков принадлежит значение выражения:
Өрнектің мәні қай аралыққа тиісті:

$$\frac{0{,}81 \cdot 14{,}4 \cdot 3{,}2 \cdot 10{,}2}{1{,}7 \cdot 0{,}15 \cdot 48 \cdot 0{,}9}$$

A) $[34{,}6; 35{,}55]$
B) $[33{,}3; 34]$
C) $[33{,}5; 34{,}5]$
D) $(34; 34{,}56)$
E) Другой ответ|Басқа жауап

20. Один из вариантов ответов отличается от других. Найдите его.
Жауаптардың біреуі басқаларынан өзгеше болса, сол жауапты табыңыз.

A) 
B) 
C) 
D) 
E) Все ответы одинаковые|Барлық жауаптар бірдей

21. Трехзначное число состоит из разных цифр и делится на 4, на 7, на 11 и на 21. Найдите это число.
Барлық цифрлары әртүрлі және 4−ке, 7−ге, 11−ге және 21−ге бөлінетін ең үлкен үш таңбалы санды табыңыз.

A) 931
B) 935
C) 945
D) 924
E) Другой ответ|Басқа жауап

22. Составьте уравнение прямой, пересекающей оси координат в точках $A(-2;0)$ и $B(0;6)$.
Координаталық өспен $A(-2;0)$ және $B(0;6)$ нүктелерінде қиылысатын түзудің теңдеуін жазыңыз.

A) $y = 4x + 8$
B) $y = -4x - 6$
C) $y = -2x + 8$
D) $y = x + 6$
E) Другой ответ|Басқа жауап

23. Учитель дал одному ученику 3 ореха, а всем остальным по 7. Если бы он всем дал по 6 орехов, то у него осталось бы 2 ореха. Сколько учеников?
Оқытушы бір оқушыға 3 жаңғақ, қалғандарына 7 жаңғақтан берді. Егер ол оқушыларға 6 жаңғақтан берсе, өзінде 2 жаңғақ қалады. Қанша оқушы бар?

A) 5
B) 6
C) 7
D) 8
E) Другой ответ|Басқа жауап

24. Смешали 1100 граммов 26% −го сахарного сиропа и 1400 граммов − 18% −го. Чему равна концентрация сахара в полученном растворе?
Салмағы 1100 г 26% −дық қант шәрбатын және 1400 г 18% −дық қант шәрбатын араластырды. Жаңадан шыққан шәрбаттағы қанттың концентрациясын табыңыз.

A) 22,02%
B) 21,86%
C) 22,18%
D) 21,52%
E) Другой ответ|Басқа жауап

25. Изобразите в координатной плоскости точки $A(-2;4), C(4;-1), B(-2;-1)$ и $D(4;4)$ и найдите площадь фигуры ABCD.
Координаталық жазықтықта $A(-2;4), C(4;-1), B(-2;-1)$ және $D(4;4)$ нүктелері белгіленген, ABCD фигурасының ауданын табыңыз.

A) 24
B) 30
C) 35
D) 25
E) Другой ответ|Басқа жауап

26. Найдите решения двойных неравенств:
Қос теңсіздіктің шешімін табыңыз:

$$-1{,}16 \leq \frac{3x-4}{5} < 1{,}6$$

A) $[-0{,}6; 4)$
B) $[-0{,}4; 4)$
C) $(0{,}4; 4)$
D) $(-0{,}6; 4)$
E) Другой ответ|Басқа жауап

27. Мама послала Байтерека в магазин за покупками, вручив ему кошелек с деньгами. В ближайшем магазине половину всех денег Байтерек потратил на молоко и сыр. Доехав за 80 тг на автобусе до следующего магазина, половину оставшихся денег и еще 200 тг он уплатил за книгу. На половину того, что еще осталось, Байтерек купил тетрадей. Выйдя из магазина, он купил мороженое за 50 тг, оставив деньги лишь на обратный проезд на автобусе. Сколько денег мама дала Байтереку?
Бәйтерекке анасы ішінде ақшасы бар әмиян беріп, дүкенге заттар сатып алуға жіберді. Ең жақын дүкеннен ақшасының жартысына Бәйтерек сүт пен ірімшік сатып алды. Автобуспен жол ақысына 80 тг төлеп, келесі дүкенге жетті. Қалған ақшасының жартысы мен 200 теңгені кітап алуға жұмсады. Одан кейін қалған ақшасының жартысына дәптер сатып алды. Ол жол ақысын алып қалып, қалған 50 тг балмұздақ сатып алды. Анасы Бәйтерекке қанша ақша берді?
A) 1800 тг
B) 2400 тг
C) 3000 тг
D) 2000 тг
E) Другой ответ|Басқа жауап

28. В банку с водой влили стакан кислоты. Получился 20 −процентный раствор кислоты в воде. Потом добавили в этот раствор ещё три таких же стакана кислоты. Какое содержание кислоты получилось в результате?
Суы бар құтыға стақан қышқыл құйды. Сонда 20 пайыздық қышқылдың судағы ерітіндісі пайда болды. Содан соң осы ерітіндіге тағыда үш стақан қышқыл құйды. Соңғы ерітіндегі қышқылдың пайыздық мөлшері?
A) 60%
B) 40%
C) 50%
D) 80%
E) Другой ответ|Басқа жауап

29. Решите систему неравенств:
Теңсіздіктер жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} 3(5-2x) > 4(x-5) + 5x \\ 3x - 1 < 4x - 5(1-x) \end{cases}$$

A) $\left(\frac{2}{3};\frac{7}{3}\right)$
B) $\left(\frac{1}{3};1\frac{2}{3}\right)$
C) $\left(\frac{2}{3};1\frac{1}{3}\right)$
D) $\left(\frac{1}{3};2\frac{1}{3}\right)$
E) Другой ответ|Басқа жауап

30. Ученики 6 −го класса съели 138 конфет, причем каждый мальчик съел 4 конфеты, а каждая девочка – 5 конфет. Сколько в классе мальчиков, если всего в классе 31 человек?
6 −сынып оқушылары 138 кәмпит жеді. Әр ұл бала 4 кәмпиттен, ал әр қыз бала 5 кәмпиттен жеді. Егер сыныпта 31 оқушы болса, сыныпта неше ұл бала?
A) 14
B) 15
C) 16
D) 17
E) Другой ответ|Басқа жауап

31. Среднее арифметическое двух чисел составляет 75% от большего из них. Во сколько раз среднее арифметическое этих чисел больше меньшего числа?
Екі санның арифметикалық ортасы үлкен санның 75% −ын құрайды. Осы сандардың арифметикалық ортасы кіші саннан неше есе үлкен?
A) 3
B) 1,5
C) 2
D) 2,5
E) Другой ответ|Басқа жауап

32. При каких значениях b точка $A(2b;\ -b)$ принадлежит графику функции $y=-4x-7$?
b −ның қандай мәнінде $A(2b;\ -b)$ нүктесі $y=-4x-7$ функциясының графигіне тиісті?
A) 1
B) -3
C) -7
D) -2
E) Другой ответ|Басқа жауап

33. Плот и лодка движутся навстречу друг другу по реке. ОНИ находятся на расстоянии 24 км друг от друга. Через какое время они встретятся, если собственная скорость лодки 12 км/ч, а скорость течения реки 3 км/ч? Ответ дайте в часах.
Сал мен қайық өзен бойымен бір-біріне қарама-қарсы бағытта жүзіп келе жатыр. Олардың арақашықтығы 24 км тең. Егер қайықтың меншікті жылдамдығы 12 км/сағ, өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ болса, қанша уақыттан соң олар бір-бірімен кездеседі? Жауабын сағатпен беріңіз.

A) 1,6 ч|сағ
B) 2 ч|сағ
C) 1,8 ч|сағ
D) 1,5 ч|сағ
E) Другой ответ|Басқа жауап


34. Задайте линейную функцию формулой, если известно, что ее график проходит через точку $A(3;-2)$ и паралельно графику функции $y=\frac{1}{3}x+1$.
$y=\frac{1}{3}x+1$ функциясының графигіне параллель және $A(3;-2)$ нүктесі арқылы өтетін сызықтық функцияның формуласын жазыңыз.
A) $y=x-5$
B) $y=-x+1$
C) $y=-3x+7$
D) $y=2x-8$
E) Другой ответ|Басқа жауап

35. Ученик задумал три числа. Соотношение этих чисел равно $3:5:7$. Если суммировать 20% каждого числа, тогда получится 18. Вычислив сумму этих трех чисел, найдите сумму цифр этого числа.
Оқушы үш сан ойлады. Бұл сандардың қатынасы $3:5:7$ қатынасындай. Әрқайсы санның 20% −ын қоссақ, қосындының мәні 18 −ға тең болады. Берілген сандардың қосындысын тауып, шыққан санның цифрларының қосындысын табыңыз.
A) 7
B) 8
C) 6
D) 9
E) Другой ответ|Басқа жауап

36. В коробке лежат белые, черные и красные шарики, одинаковые по размеру. Чтобы наверняка вытащить 1 черный шарик, нужно взять наугад 14 шариков. Чтобы вытащить 1 белый, надо взять 22 шариков, а, чтобы точно вытянуть 1 красный, надо взять 19 шариков. Сколько всего шариков в коробке?
Қорапта бірдей өлшемде ақ, қара және қызыл шарлар бар. Қораптан кем дегенде дәл 1 қара шар алу үшін шамамен 14 шар алу керек. Қораптан кем дегенде дәл 1 ақ шар алу үшін шамамен 22 шар алу керек. Қораптан кем дегенде дәл 1 қызыл шар алу үшін шамамен 19 шар алу керек. Қорапта барлығы неше шар бар?
A) 55
B) 26
C) 52
D) 50
E) Другой ответ|Басқа жауап

37. С помощью 8 одинаковых труб бассейн заполняется водой за 15 часов. На сколько часов быстрее заполнится этот же бассейн, если труб станет на семь больше?
Хауыз 8 бірдей құбырлардың көмегімен 15 сағатта толады. Егер құбырлардың саны жетіге көбейсе, хауыз неше сағатқа тезірек толады?
A) 8 ч|сағ
B) 5 ч|сағ
C) 7 ч|сағ
D) 6 ч|сағ
E) Другой ответ|Басқа жауап

38. Найдите количество кубов в рисунке.
Суреттегі текшелердің санын табыңыз.



A) 28
B) 32
C) 30
D) 26
E) Другой ответ|Басқа жауап

39. Деревянный кубик размером 4x4x4 покрасили красной краской. Затем его распилили на 64 одинаковых кубика со стороной равной 1. Сколько получилось маленьких кубиков, у которых окрашена хотя бы одна грань?
Өлшемі 4x4x4 болатын ағаш текшені қызыл түсті бояумен бояды. Содан соң оны қабырғасы 1 болатын бірдей 64 текшелерге арамен бөлді. Кем дегенде бір жағы боялған неше кішкентай текше бар?

A) 56
B) 8
C) 32
D) 48
E) Другой ответ|Басқа жауап

40. Сейф открывается только с уникальным ключом. Код представляет собой семизначную комбинацию из цифр 7 и 2. Сейф откроется, если цифра 7 встречается в коде чаще цифры 2, а сам код делится и на 4, и на 6, и на 12. Чему равен код доступа?
Сейф бірегей сандық кілт арқылы ашылады. Кілт 7 және 2 цифрларынан құралған жетітаңбалы сан. Егер 7 цифры 2 цифрынан көбірек кездессе және сол сан 4−ке де, 6−ға да, 12−ге де бөлінетін болса, онда сейф ашылады. Сейфтің сандық кілті қандай?

A) 7277272
B) 7277722
C) 7777722
D) 7277772
E) Другой ответ|Басқа жауап

41. На гранях игрального кубика написаны числа от 1 до 6 (каждое из них встречается по одному разу). Байтерек бросил несколько игральных кубиков и набрал 7 очков, Улар бросил те же кубики и набрал 39 очков. Сколько могло быть кубиков?
Ойын сүйегінің жақтарына 1 ден 6 −ға дейінгі сандар жазылған (әр сан тек бір рет кездеседі). Бәйтерек бірнеше ойын сүйегін лақтырып, 7 ұпай жинады. Ұлар дәл сол ойын сүйектерін лақырып, 39 ұпай жинады. Ойын сүйектерінің мүмкін бола алатын саны?

A) 0
B) 7
C) 5
D) 1
E) Другой ответ|Басқа жауап

42. Сколько существует различных натуральных чисел, у которых самый большой делитель (не считая самого этого числа) равен 77?
Ең үлкен ортақ бөлгіші 77 −ге тең болатын (сол санның өзін санамағанда) неше натурал сан бар?

A) ∞
B) 4
C) 5
D) 3
E) Другой ответ|Басқа жауап

43. В автобусе было несколько пассажиров, средний возраст которых был равен 23 годам. Когда в автобус зашли 3 человека, сумма возрастов которых равна 97 годам, то средний возраст пассажиров стал равен 25 годам. Сколько пассажиров было в автобусе первоначально?
Автобуста орта жастары 23 жас бірнеше жолаушы бар. Автобусқа жастарының қосындысы 97 жас 3 жолаушы мінгенде, ондағы жолаушылардың орта жастары 25 жас болды. Алғашқыда автобуста неше жолаушы болды?

A) 11
B) 10
C) 12
D) 9
E) Другой ответ|Басқа жауап

44. На прямой отметили несколько точек. После этого между каждыми двумя соседними точками отметили ещё по точке. Такое «уплотнение» повторили ещё дважды (всего 3 раза). В результате на прямой оказалось отмечено 81 точек. Сколько точек было отмечено первоначально?
Түзудің бойына бірнеше нүкте белгіленді. Содан соң әр көршілес екі нүктенің арасына тағы бір нүктеден белгіледі. Дәл осылай тағы да екі рет жасады (жалпы 3 рет). Нәтижесінде түзудің бойында барлығы 81 нүкте пайда болды. Алғашында неше нүкте белгіленді?

A) 10
B) 12
C) 11
D) 13
E) Другой ответ|Басқа жауап

45. Сколько различных трёхзначных чисел можно дописать справа к числу 123, чтобы получить шестизначное число, которое делится на семь, восемь и девять?
123 санының оң жағына кез келген үш таңбалы санды тіркегенде, шыққан алтытаңбалы сан жетіге, сегізге және тоғызға бөлінетіндей, үш таңбалы сандардың санын табыңыз.

A) 1
B) 0
C) 2
D) 3
E) Другой ответ|Басқа жауап

46. Сколько существует натуральных трехзначных чисел, в которых первая и последняя цифры четные, а вторая — нечетная?
Бірінші және соңғы цифлары жұп және екінші цифры тақ болатын неше үштаңбалы натурал сан бар?

A) 100
B) 75
C) 150
D) 125
E) Другой ответ|Басқа жауап

47. В краже подозреваются четверо: А, Б, В и Г. На допросе они сказали:
А: Это сделал Б.
Б: Это сделал Г.
В: Это сделал не я.
Г: Б лжёт, что это сделал я.
Правду сказал только один из них. Кто совершил кражу?
Ұрлық қылған деген айыппен төрт адам, А, Б, В және Г күдікті. Тергеуде олар былай деді:
А: Б ұрлады.
Б: Г ұрлады.
В: Мен ұрламадым.
Г: Б өтірік айтты, мен ұрламадым.
Олардың тек біреуі шындықты айтқаны мәлім болса, онда ұрлықты кім жасады?

A) А
B) Б
C) В
D) Г
E) Другой ответ|Басқа жауап

48. В футбольной команде (5 человек) нужно выбрать капитана и его заместителя. Сколькими способами это можно сделать?
Бес ойыншыдан тұратын футбол командасында капитан және оның көмекшісін тандау қажет. Қанша әдіспен оларды таңдауға болады?

A) 25
B) 12
C) 23
D) 24
E) Другой ответ|Басқа жауап

49. Байтерек придумал новое выражение: $a \oplus b = b^2 + ab$. Если $2 \oplus (3 \oplus 5) = x$, то $x =$?
Бәйтерек жаңа амал ойлап тапты: $a \oplus b = b^2 + ab$. Егер $2 \oplus (3 \oplus 5) = x$, онда $x =$?

A) 1640
B) 1600
C) 1680
D) 52
E) Другой ответ|Басқа жауап

50. Два пирата играли на золотые монеты. Сначала первый проиграл половину своих монет (отдал их второму), потом второй проиграл половину своих, потом снова первый проиграл половину своих. В результате у первого оказалось 20 монет, а у второго – 44. По сколько монет было у каждого пирата до начала игры?

Екі теңіз қарақшысы алтын тиындарға ойын ойнады. Бірінші ойында бірінші қарақшы өзінің алтын тиынының тең жартысын ұтылып қалып, екіншіге берді. Содан соң кейінгі ойында екінші қарақшы ұтылып қалып, алтын тиынның жартысын берді, келесі ойында бірінші ұтылып қалып, жартысын берді. Нәтижесінде біріншіде 20 алтын тиын, ал екіншіде 44 алтын тиын болды. Әр қарақшыда неше тиыннан болды?

A) 24
B) 30
C) 36
D) 32
E) Другой ответ|Басқа жауап

ВАРИАНТ 9

1. Вычислите и найдите сколько процентов числа 1 составляет результат:
Есептеңіз және шыққан мән 1 санының неше пайызын құрайды:

$$2\frac{3}{5}-\frac{7\frac{1}{3}}{5-\frac{8}{\frac{9}{\frac{1}{0,(6)}}}}$$

A) 50%
B) 60%
C) 93%
D) 45%
E) Другой ответ|Басқа жауап

2. В Интеллектуальной школе «Байтерек» одна пятая учеников занимается математикой. Физикой занимаются на треть больше, чем математикой. Какая часть учеников занимаются остальными предметами?
«Байтерек» зияткерлік мектебінде оқушылардың бестен бірі математика сабағын оқиды. Физика сабағында математикаға қарағанда оқушылардың үштен бір бөлігі көп оқиды. Оқушылардың қандай бөлігі басқа сабақтарға қатысады?

A) $\frac{7}{15}$
B) $\frac{3}{15}$
C) $\frac{2}{15}$
D) $\frac{4}{15}$
E) Другой ответ|Басқа жауап

3. Известно, что m и n – два различных простых числа. Назовите все целые делители числа $m^2 \cdot n^2$
m және n сандары жай сандар. $m^2 \cdot n^2$ санының барлық бөлгіштерін жазыңыз.

A) $1, m, n, m \cdot n, m^2 \cdot n^2, n^2$
B) $1, m, n, n^2, m^2, m \cdot n, m^2 \cdot n, m \cdot n^3, m^2 \cdot n^2, m \cdot n^2$
C) $1, m, n, m \cdot n, m^2 \cdot n^2, n^2, m^2$
D) $1, m, n, n^2, m^2, m \cdot n, m^2 \cdot n, m \cdot n^2, m^2 \cdot n^2$
E) Другой ответ|Басқа жауап

4. Сколько всего существует трехзначных чисел с делителем 95?
Бөлгіші 95 болатын, қанша үштаңбалы сан бар?

A) 10
B) 9
C) 8
D) 7
E) Другой ответ|Басқа жауап

5. Найдите сумму остатков, получившихся при делении числа 45891025 на 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10.
45891025 санын 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10 сандарына бөлгендегі қалдықтарының қосындысын табыңыз.

A) 16
B) 15
C) 18
D) 17
E) Другой ответ|Басқа жауап

6. Решите уравнения:
Теңдеуді шешіңіз:

$$\frac{x(x-2)(x^2+25)(x^2-16)}{x-4}=0$$

A) $0;2$
B) $-5;\ 0;\ 2;$
C) $-4;\ 0;2;4$
D) $-4;0;2$
E) Другой ответ|Басқа жауап

7. Соотношение в плове моркови к рису равно $4:7$, а соотношение риса к мясу $7:2$. Если к рису еще добавить 300 г, то риса будет больше в 4 раза чем мяса. На сколько граммов моркови больше чем мяса?
Палаудың құрамындағы сәбіздің күрішке қатынасы $4:7$ тең, ал күріштің етке қатынасы $7:2$ қатынасындай. Егер палауға тағы 300 г күріш салсақ, күріш салмағы еттің салмағынан 4 есе артық болады. Сәбіздің салмағы еттің салмағынан неше граммға артық?

A) 500 г
B) 600 г
C) 520 г
D) 560 г
E) Другой ответ|Басқа жауап

8. Найдите сумму всех делителей числа 80, не превосходящие 40% этого числа.
80 −нің, өзінің 40% −ынан аспайтын, бөлгіштерінің қосындысын табыңыз.

A) 106
B) 66
C) 46
D) 56
E) Другой ответ|Басқа жауап

9. Найдите x из пропорции:
Пропорциядан x −ті табыңыз.

$$2:\left(\frac{3}{8}x\right)=1\frac{4}{9}:4\frac{1}{3}$$

A) 32
B) 24
C) 16
D) 20
E) Другой ответ|Басқа жауап

10. Найдите 12,5% от числа:
Санның 12,5% −ын табыңыз:

$$\frac{1\frac{3}{17}\cdot(5{,}15-2{,}6)}{\frac{7}{67}\cdot\left(3\frac{5}{7}+2\frac{2}{3}\right)}+0{,}5\cdot\left(\frac{1{,}07}{\frac{7}{12}+1{,}2}+6{,}4\right)$$

A) 1
B) 2
C) 4
D) 64
E) Другой ответ|Басқа жауап

11. Сумма последовательных пяти натуральных чисел равна N. Найдите сумму следующих пяти натуральных чисел.
Тізбектес бес натурал санның қосындысы N −ге тең. Олардан кейінгі тізбектес бес натурал сандардың қосындысын табыңыз.

A) $N+35$
B) $\frac{N}{3}+15$
C) $\frac{N}{2}+50$
D) $N+25$
E) Другой ответ|Басқа жауап

12. Упростите выражение:
Өрнекті ықшамдаңыз:

$$2\frac{5}{8}x:\left(x+\frac{x}{2}+\frac{x}{4}+\frac{x}{6}+\frac{x}{8}\right)-1\frac{2}{7}$$

A) 0
B) 1
C) $\frac{1}{7}$
D) $x-1\frac{2}{7}$
E) Другой ответ|Басқа жауап

13. Если числитель дроби увеличить на 10%, то на сколько процентов надо изменить знаменатель этой дроби, чтобы дробь уменьшилась в два раза?
Бөлшектің алымын 10% −ға арттырдық. Осы бөлшекті екі есе кемейту үшін, бөлшектің бөлімін қанша пайызға өзгерту қажет?

A) 20%
B) 120%
C) 30%
D) 80%
E) Другой ответ|Басқа жауап

14. Найдите значение выражения $5b - 3 \cdot (2a - b)$, если $3a - 4b = -2$.
Егер $3a - 4b = -2$ болса, $5b - 3 \cdot (2a - b)$ өрнегінің мәнін табыңыз.

A) -4
B) 4
C) -3
D) 3
E) Другой ответ|Басқа жауап

15. Решите уравнения:
Теңдеуді шешіңіз:

$$\frac{2}{3}(1{,}5x + 0{,}6) - 0{,}8\left(\frac{5}{12}x - 0{,}5\right) = 1$$

A) $-0{,}1$
B) $0{,}1$
C) $0{,}2$
D) $0{,}3$
E) Другой ответ|Басқа жауап

16. Найдите расстояние между точками A и B, если $A(x - 1{,}2)$, $B(x - 3{,}2)$.
Егер $A(x - 1{,}2)$, $B(x - 3{,}2)$ болса, A және B нүктелерінің арақашықтығын табыңыз.

A) -2
B) 2
C) $4{,}4$
D) $-4{,}2$
E) Другой ответ|Басқа жауап

17. Байтерек открыл в Халык банке депозит с увеличением капитала на 10% годовых. Если три года спустя он имел на своем депозите 1597200 тенге, то сколько он первоначально вложил в депозит?
Бәйтерек Халық банкте 10%–дық жылдық өсіммен депозит ашты. Үш жылдан соң оның депозитінде 1597200 теңге болса, ол бастапқыда депозитке қанша ақша салды?

A) 1240000 тг
B) 1250000 тг
C) 1200000 тг
D) 1000000 тг
E) Другой ответ|Басқа жауап

18. Найдите сумму корней модульного уравнения:
Модульдік теңдеудің түбірлерінің қосындысын табыңыз:

$$(-8) : \left|1{,}75 + \frac{0{,}5}{|3 - 2{,}5x|}\right| = -4$$

A) $3{,}2$
B) $2{,}4$
C) $2{,}8$
D) $-4{,}6$
E) Другой ответ|Басқа жауап

19. Вычислите:
Есептеңіз:

$$\frac{\left(0{,}75 \cdot \frac{5}{9} : \frac{2}{30} : 0{,}5\right) + 1{,}5}{\frac{14}{\left(0{,}1 + \frac{1}{100}\right) : 0{,}25}} \cdot 2{,}5$$

A) 0,1
B) 0,75
C) 1,1
D) 1,25
E) Другой ответ|Басқа жауап

20. Байтерек ест пирожок с малиновым вареньем. После каждого откусывания масса пирожка уменьшается на 20%. После второго откусывания она составила 96 г. Какой она была вначале?
Бәйтерек таңқурайлы қайнатпа құйылған бәліш жеп отыр. Ол әр тістеген сайын бәліштің салмағы 20% –ға кемиді. Екінші рет тістеген соң, оның салмағы 96 г болды. Бәліштің алғашқы салмағы қанша?
A) 150 г
B) 200 г
C) 225 г
D) 250 г
E) Другой ответ|Басқа жауап

21. На складе было 100 кг ягод. Анализ показал, что в ягодах 99% воды. Через некоторое время часть воды испарилась, и её процентное содержание в ягодах упало до 98%. Сколько теперь весят ягоды?
Қоймада 100 кг жидек бар. Жидектің 99% –ы судан тұрады. Біраз уақыт өткен соң жидектер солып, судың пайызы 98% –ға дейін төмендеді. Жидектің қазіргі салмағын табыңыз.
A) 99 кг
B) 98 кг
C) 50 кг
D) 96 кг
E) Другой ответ|Басқа жауап

22. В 400 г воды растворили 80 г соли. Какова концентрация полученного раствора?
Салмағы 400 г болатын суда, салмағы 80 г тұзды ерітті. Ерітіндінің концентрациясын табыңыз.
A) 17%
B) 18%
C) 20%
D) 16,67%
E) Другой ответ|Басқа жауап

23. На сахарный завод привезли 425 ц сахарной свеклы. Из некоторого количества этой сахарной свеклы получили 19% сахара, а из оставшейся сахарной свеклы - 16% сахара. Всего получили 74 ц сахара. Найти массу сахарной свеклы, из которой получили 19% сахара.

Қант зауытына 425 ц қант қызылшасын алып келді. Белгілі бір мөлшердегі қант қызылшасынан 19% қант алынды, ал қалған қызылшадан 16% қант алды. Барлығы 74 ц қант алынды. 19% қант алынған қант қызылшасының салмағын табыңыз.

A) 225 кг
B) 200 кг
C) 250 кг
D) 175 кг
E) Другой ответ|Басқа жауап

24. Решите систему уравнений:


Теңдеулер жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} -20{,}7x + 5{,}3y = -613{,}9 \\ 14{,}6x - 2{,}5y = 400{,}8 \end{cases}$$

A) $(-23; -26)$
B) $(23; -26)$
C) $(-23; 26)$
D) $(23; 26)$
E) Другой ответ|Басқа жауап

25. Ползуясь данным рисунком, найдите площадь закрашенной фигуры.($\pi = 3{,}14$)

Суретті қолданып, боялған фигураның ауданын табыңыз.($\pi = 3{,}14$)



A) 28,96 см^2
B) 29,72 см^2
C) 30,24 см^2
D) 17,16 см^2
E) Другой ответ|Басқа жауап

26. Максат сделал домашнюю работу за 3 часа, Кемел – за 2 часа, а Дархан – за 4 часа. За сколько часов они сделают объем работы равный 13 домашним заданиям?

Мақсат үй жұмысын 3 сағатта ал Кемел 2 сағатта, Дархан 4 сағатта орындайды. Олар бірге 13 үй жұмысына тең жаттығуларды неше уақытта бітіреді?

A) 13 ч|сағ
B) 4 ч|сағ
C) $\frac{48}{13}$ ч|сағ
D) 12 ч|сағ
E) Другой ответ|Басқа жауап

27. Найдите наибольшее целое решение неравенства:

Теңсіздіктің үлкен бүтін мәнін табыңыз:

$$\frac{5-x}{4} + \frac{2x}{3} - \frac{x-3}{12} \leq 20$$

A) 54
B) 55
C) 56
D) 57
E) Другой ответ|Басқа жауап

28. В клетке находится неизвестное число фазанов и кроликов. Известно, что вся клетка содержит 35 голов и 94 ноги. Узнать число фазанов.
